

Омарова Г.Ж., Мауленова Д.Т.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дің ағаоқытушысы, Қазақстан.

«Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен»

мамандығының 2-курс студенті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МӘНІ

Кіші мектеп жасындағы балалардың бірінші сыныпта оқуға бейімделу кезеңіне ерекше көңіл бөлу қажет, өйткені білім алушылардың психологиялық, физикалық жағдайы соған тәуелді. Бұл кезеңде туындайтын кез келген қиындықтар білім алушының көңіл-күйі мен денсаулық жағдайына, оның жұмыс қабілетіне әсер ете отырып, мұғаліммен, сыныптастарымен байланыс орната алмауына және мектеп ережелерін орындай алмауына, нәтижесінде төмен үлгерім көрсетуіне әкеліп соғады. Көбінесе білім алушы бұл қиындықтарды өз бетінше жеңе алмайды. Оған мұғалім тарапынан көңіл бөлу және қамқорлық, көмек пен қолдау қажет.

Ойын баласы оқу әрекетіне енгенде дағдарысқа ұшырайды. Оқу жүктемелерінің, сыртқы талаптардың бастауыш сынып оқушысының психологиялық, дене мүмкіндіктеріне сәйкес келмеуі, мектепке психологиялық дайындықтың төмен деңгейі олардың үнемі стресс жағдайында болуын қамтамасыз етеді. Бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық қолайсыздығының себептері мінез-құлықтың алғашқы стереотипін жоғалту, күн ырғағын дұрыс құрастырмау, дұрыс емес тәрбиелік тәсілдер, ойын үшін қажетті жағдайлардың болмауы, балаға бірыңғай қатынастың болмауы, оқу жүктемесін игере алмау, мұғалімнің жау сияқты қатынасы, балалар ұжымының қабылдамауы болуы мүмкін. Осы жағдайда бастауыш сынып оқушысын педагогикалық қолдау қажеттілігі сезіледі. Педагогикалық қолдау әрекетінің мәні - оқушының кедергілерді жоюына көмектесу ғана емес, сонымен бірге

қиындықтардың себептерін сезінуге және өз проблемаларын шешу жолын табуына да көмектесу.

Біз өз жұмысымызда педагогикалық үдерісте «педагогикалық қолдау» деген атауға ие болған, жаңашыл педагог О.С. Газман енгізген айрықша технологияны негізге алдық.

Педагогикалық қолдау— педагогтің қазіргі педагогиканың гуманистік парадигмасын бейнелеп көрсететін миссиясы және оқушымен бірлесіп оның қызығушылықтарын, мақсаттарын, мүмкіндіктерін және оған адамгершілік қасиетті сақтауға, өзін - өзі ұйымдастыруда позитивті нәтиже қол жеткізуге кедергі жасайтын мәселелерді жеңу жолдарын анықтау.

Педагогикалық қолдау мұғалім мен балалардың жеке дара және топтық өзара әрекеті формасында және профилактикалық (превентивті) және жылдам (оперативті) сипатта болуы мүмкін.

Қолдаудың топтық формасы:

— Бұл бала мектеп өмірі жағдайына бейімделетін оқу жылының басы немесе каникулдан кейінгі кезең болуы мүмкін. Ұзақ үзілістен кейін баланың оқу әрекетіне енуі эмоционалдық және психологиялық тұрғыда алғанда оңай емес. Баланың мұндай жағдайын түсіне отырып, әрекеттің жылдамдығын өсіру, жұмыстың ойындық шығармашылық формаларын пайдалану, балаларды көбірек қозғалысқа түсіруге, сурет салуға, әңгіме құрастыруға немесе шағын әңгімелер жазуға тарту қажет.

— Ұқсас проблемалары бар балалар топтарымен жұмыс. Бұл топтарды мұғалім диагностикалар немесе күнделікті бақылаулар нәтижесінде құрады (мысалы, белгілі бір пәндер бойынша үлгермеушілер, ұялшақтар, өздеріне сенімсіздер).

— Оқушыларды өзінің қабілеттерін, қызығушылықтарын, бейімділіктерін аша алатын ұжымдық шығармашылық істерге (бірлескен жорықтар, табиғаттағы сабақтар) қатыстыру.

Қолдаудың жеке дара формалары:

– Кең тараған және салмақты педагогикалық проблеманың бірі - бастауыш сынып оқушыларының тұрақсыздығы проблемасы.

– Шамадан тыс қырсық, ренжігіш, төбелескіш немесе кез келген ескертуді уайымдайтын, жылауық және қорқақ балалармен өзіңді қалай ұстауды біле бермейсің. Басқаларға қарағанда олар кәдімгі мектептік жағдаяттарды қауіптің көзі ретінде қабылдайды. Мұндай балалар тақтаға шығудан қорқады, олардан сабақтың ортасында сұраған дұрыс, оларды жауап беру кезінде асықтыруға болмайды, оларға ойлану үшін уақыт берген жөн. Оларды жиі мадақтап отыру қажет, әсіресе бала бір нәрсені жасай алмай, енді жасауды үйренген кезде.

Сабақта психологиялық қолайлылық жасай отырып, педагогикалық қолдау бағалаушылық қауіпсіздігі ережелерін ұстануы тиіс:

- мақтауға сараң болмау;
- орындаушыны мақтау, орындауды сынау;
- сәтсіздіктер теңізінен де сәттілік аралын іздеу;
- баланың алдына тек нақты міндеттер қою;
- 1-сынып оқушысының алдына біреуден артық мақсат қоймау.

Бастауыш сынып оқушыларына оның өмір жолында қолдау жасау – бұл онымен бірге, онымен қатар, кейде мүмкін жолдарды көрсету қажет болса, сәл алда жүру.

Сонымен, дер кезінде көрсетілген педагогикалық қолдау бастауыш сынып оқушысын үнемі жиналып қалатын және оның өзімен өзі болуына, яғни толыққанды өмір сүруіне және оқуына мүмкіндік бермейтін көптеген шешілмей жатқан проблемалардан босатады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Михайлова Н.Н. Педагогика поддержки: Учебно-методическое пособие. – М.: МИРОС, – 2011. – 208 с.
2. Газман О.С. Педагогическая поддержка и технологии воспитания//Проблемы образования/ О.С. Газман. – 2005. – №3.- С.6-13.